

дүниетанымы, кәсіби іс-әрекетті таңдауы және тұлғаның азаматтылық маңыздылығын нақтылау аяқталады. Факторлар әсерінен тұлғаның қоршаған адамдармен қатынас жүйесі және өзіне деген қатынас өзгереді. Осы әлеуметтік позицияның әсерінен оның қоғамдық пайдалы іс-әрекетке, оқуға деген қатынасы өзгереді. Белгілі бір болашақ мамандыққа деген байланыс қалыптасады. Берілген кезең жасөспірімнің үлкендермен мінез-құлықтың барлық аймақтарында тәуелсіздігін көрсетеді.

Жасөспірімнің өз көзқарасы бар, жасөспірімдер үнемі өз жетістіктерін өсіріп, кемшіліктерін азайтып отырады. Өз құрдастарының арасында болуға ұмтылыс, оларды белсенді түрде үлкендер арасынан өзі соған ұқсағысы келетін адам іздейді. Бұл жерде идентификация туындайды. Жасөспірім тұлғасының индивидуалды дамуы мен қалыптасуы бірінше кезекте белсенді өзара әрекет, яғни қоршаған ортамен әрекеттесу нәтижесінің арқасында болады. Жас есейе келе адам психологиялық дамуында әлеуметтік фактордың әсері күшейе түседі [1, б 93].

К.Юнг бойынша осы жас дағдарыс кезеңі. Шынайы өмірдің талаптарына жасөспірім бейімінің сай келмеуі орын алады.

Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша жасөспірім кезеңіне қатысты психологияда біршама жалпы теория қарастырылған. Бұл теориялар қазіргі заманда мәнді болып келеді. Кең түрде жасөспірім кезеңін 3 негізгі тұрғыда қарастыруға болады.

1) Биогенетикалық биологиялық процес негізінде және дамудың басқа да процестері қарастырды.

2) Социогенетикалық тұрғы тұлғаның өмір барысында алдына қойған мақсаты мен әлеуметтік процестеріне басты зейін аударуын бекітеді.

3) Психогенетикалық - өзіндік даму негізіндегі психика процестерінің қызметтерін негіз етіп қою.

Сонымен жасөспірім шақта адам өзінің өмір сүруіндегі мәнділікті іздейді, өзінің біртұтастылығын игеруге талпынады, басқалар арасында өз орнын табуға тырысады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кулагина И.Ю. Возрастная психология. М., 1999.-123-138б.
2. Обухова Л.Ф. Возрастная психология. – М., 1999.-87-95б.
3. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. – СПб., 2000. – 128-137б.
4. Кудрявцев В.Т. Психология развития человека. – Рига, 1999.-98-109б
5. Сапогова Е.Е. Психология развития человека. – М., 2001.-136-147б.
6. Грэйс Крайг. Психология развития. – СПб., 2000. – 89-97б.

Куребаева Гулнара Ахметовна
Семей қаласы Шәкәрім атындағы МУ,
педагогика ғылымдарының магистрі
Ақынжанова Шынар Алтынғазықызы
Семей қаласы Шәкәрім атындағы МУ,
2 курс студенті

БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

АННОТАЦИЯ

Мақалада баланы мектепте оқытуға педагогикалық-психологиялық даярлық сұрақтары қарастырылған. Баланың мектепте оқуға дайындығының психологиялық құрылымдық компоненттері: дене дамуы, жеке тұлғалық дамуы, интеллектуалды дайындық. Мектепке барар алдында баланың дамуына көп мән беріледі, ғалымдардың зерттеулері бойынша баланың даму процесіне үш фактор қатысады: биологиялық фактор, әлеуметтік фактор және баланың өз белсенділігі.

Түйінді сөздер: мектепте оқуға дайындық, психологиялық, дене дамуы, жеке тұлғалық дамуы, интеллектуалдық даму, биологиялық фактор, әлеуметтік фактор, бала белсенділігі.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются вопросы педагогической и психологической подготовки ребенка для обучения в школе. Компонентами психологической готовности ребенка к школе являются: физическое развитие, личностное развитие, интеллектуальное обучение. Прежде чем идти в школу много внимания уделяется развитию ребенка, согласно исследованиям в процессе развития ребенка принимают участие три фактора: биологический фактор, социальный фактор и собственная активность ребенка.

Ключевые слова: готовность к школе, психологические и физическое развитие, развитие личности, интеллектуальное развитие, биологические факторы, социальные факторы, детская активность.

ABSTRACT

The article is provided pedagogical – psychological the training questions to study children to school. The training to children to study at school psychologically structures components: physical development, personal development, intellectual education. Before going to the school a lot of attention to the development of children, for research scientists to child's development consists of the three factors: biological factors, social development and the child's own activity.

Keywords: school readiness, psychological, physical development, personal development, intellectual development, biological factors, social factors, child's activities.

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі болып отыр. Осы орайда білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойса, бастауыш буында – мектепке дейінгі шақтағы жетістіктерінің барлық деңгейіне тірек болуды, қарқынды даму жағдайында жеке жұмыстарды, мектепке дейінгі қалыптасып болмаған қасиеттерін жетілдіруге арнайы өзара қарым-қатынас жасау формаларын дамытуды көздейді. Бұл жеке тұлғаның даму кезеңінің үздіксіз білім беру деңгейлері мен сатылары нақты мақсаттарды іске асыру жағдайлары мен талаптарының іске асырылуымен анықталады. Осының барлығы бір ғана түпкі мақсатқа – баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағытталуы тиіс. Бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өту:

- балалардың жеке тұлғалық дамуын қалыптастырып, олардың одан арғы өмірлік қызметтерін қамтамасыз етеді;
- білім беру кезеңдерінде үздіксіз білім беру (балабақша-мектеп);
- біртұтас білім беру жүйесінде осы кезеңдердің және оқыту түрлерінің біртұтастығын ұйымдастыруға өз әсерін тигізеді.

Баланың мектепте оқуға дайындығы баланың барлық өмірін қамтитын кешенді міндет болса, психологиялық дайындығы осы міндеттің бір аспектісі деп айтуға болады [1].

Баланың мектепте оқуға дайындығының психологиялық құрылымдық компоненттері: дене дамуы, жеке тұлғалық дамуы, интеллектуалды дайындықты жатқызуға болады.

Дене дамуы – бұл денсаулығының жағдайы, қимыл-қозғалыс дамуының қажетті деңгейі.

Жеке тұлғалық дамуы – бұл ықтиярлы әрекетінің нақты деңгейі, тілдік қарым-қатынастың қалыптасуы, өзіндік қызығушылығы, белсенділігі, өздігінен жұмыс істей алуы, басқаны тыңдап, өзінің ісі жайында басқамен ақылдаса білуі мен ұжыммен жұмыс істей алуы.

Интеллектуалды дайындығы - бұл бейнелі ойлауының дамуы, қиялы мен шығармашылығы, сонымен қатар сөздік-логикалық ойлаудың негізі, танымдық іс-әрекетінің дамуы (салыстыру, сараптама жасау, жіктеу, пысықтау т.б.) табиғат құбылыстары мен қоршаған орта жайында терең түсінуі.

Осы дайындықтар мектепалды дайындық тобында белгілі бір деңгейде қалыптасып келеді де, мектептегі жүйелі оқу әрекетіне араласқанда өзінің дамуын жалғастырады. Сонымен қатар мектепке дейінгі балалық шақта қалыптасқан өзіне-өзі баға бере білу, интеллектуалды қабілеті және танымдық үрдістері, қызығушылықтары мен білімқұмарлығы бастауыш мектепте өз жалғасын табуы керек.

Мектепке барар алдында баланың дамуына көп мән берілуі тиісті. Ғалымдардың зерттеулері бойынша баланың даму процесіне 3 түрлі фактор қатысады. Олар:

1. Биологиялық фактор. Бұл ата-анадан ауысқан, туа бітті және өмір сүру барысында қабылданған дененің барлық мүшелерінің, оның барлық жүйесі құбылысының ерекшелігін білдіретін, бала организмнің ортамен қарым-қатынасының нәтижесі.

2. Әлеуметтік фактор. Бұл бала өмір сүретін орта, ең алдымен адамдардың ортасы. Бұл сондай-ақ баламен қарым-қатынас жасайтын адамдардың сипаттары, мінез-құлық және ақыл-ой бейнелері, олардың мүдделері мен пікірлері, істері мен сөздері, талаптары мен дағдылары. Ұмтылыстары, яғни бала өсіп дамитын рухани орта.

3. Баланың өз белсенділігі.

Ғалымдардың пікірінше, осы үш фактордың ішінде баланың өз белсенділігінің рөлі зор. Туғаннан дені сау баланың белгілі дәрежеде дамитыны сөзсіз. Алайда, әрбір баланың педагогикалық-психологиялық тұрғыдан даму ерекшеліктерін ескерсек, барлық бала бірдей дәрежеде дамымайды.

Көптеген ғалым - педагогтардың, практик - мұғалімдердің тәжірибесіне сүйенсек, оқу тәрбие үрдісі негізінде дамыту мәселесінде басты рөлді ең алдымен, оқушының өз бетімен әрекеті, белсенділігі атқарады.

Себебі, сабақ қанша сапалы болсын немесе мұғалімнің білімі, тәжірибиелік шеберлігі мол болсын, бірақ бала тарапынан өзіндік белсенділік, әрекет болмаса жұмыстың нәтижелі, сапалы орындалуы мүмкін емес.

А.Байтұрсыновтың пікірінше, бала білімді тәжірибе арқылы, өз бетімен алуы керек.

Кейінгі кезде психологтар Л.А.Венгер мен С.В.Мухинаның көзқарасын қолдауда, «мектепке дейінгі жастағы балада» «мектептік» қасиеттер таза күйінде, яғни оқушыға лайықты психологиялық белгілер болуы мүмкін емес, өйткені олар оқу әрекеті барысында ғана қалыптасады» - дейді. Сонымен қатар психологтар мектепке қабылданған баланың өзінің психологиялық дамуы жағынан танымдық тәжірибесі тапшы, қажеттіліктері мен албырт белсенділігі басым, ойын іс-әрекетіне талпынысы мол деп есептейді. Балалардың осы ерекшеліктері оқу үрдісі барысында қосымша қиындықтар туғызады. Ол қиындықтар сипаты мынадай жағдайлармен байланысты: мұғалім ойын баласының өмірі мен іс-әрекетін ескермей, оны бірден мектептік қарым-қатынастар жүйесіне араластырады. Соның салдарынан балалар үнемі сенімсіздік, жалғыздық, үрей, жасқаншақтық күйді бастарынан кешіреді. Тағы бір қиындық – мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың оқуға деген мотивтің жеткіліксіз дамуымен байланысты. Сондықтан да балаға дене және жан жарақатын салмайтын, өз күшіне деген сенімін оятып, айналасындағы оны қоршаған адамдарға деген махаббатпен, мектептік білімнің мазмұнына қызығушылығын ұлғайтатын бейімделу кезеңін ең басынан бастап балаларға әлеуметтік маңызды, аса құрметті іс-әрекет ретінде ұсынылуы тиіс.

Кіші жастағы баланың отбасынан балабақшаға, балабақшадан бастауыш мектепке ауысуы психологиялық заңдылықтарға сүйенеді. Ол заңдылықтар жеке тұлғаның даму фазалары болып табылады [2].

Жеке тұлға қалыптасуының бірінші фазасы: адам топтағы (адамгершілік, оқу, өндірістік) нормаларды меңгермей, өзінің жеке мұқтаждығын жүзеге асыра алмайды.

Екінші, жекешелеу фазасы: мысалы адам жаңа ұжым ішінде алдымен бөлектенбей, сол ұжымның қарым-қатынас нормаларын меңгеруге тырысады. Қарым-қатынас нормаларын меңгеріп алғасын, ол өзіндік қасиеттерді көрсетіп, бекітуге тырысады.

Үшінші кіріктіру фазасы: тұлғаның өзін жақсы көрсетуге тырысуы және тұлғаны қоршаған ұжымның өздеріне ұнаған құндылықтарын қабылдау қайшылықтары.

Әлеуметтік мінез ұжымдық әрекетте туады: ойын барысында, еңбекте тілдесуде т.б. жағдайларда. Сондықтан да балабақшадан немесе үйден мектепке қабылданған баламен психологиялық жұмыс жүргізу өте маңызды. Бұл орайда бастауыш сынып мұғалімі іс-әрекетінің екі бағытын атап айтуға болады. Ол:

- кіші жастағы баланың жеке тұлға болып қалыптасуына психологиялық көмек көрсету;

- ата - аналармен ұйымдастырылған жұмыс;

Осы екі бағыт жүйелі, үздіксіз жүргізіліп отырса:

- мектепте оқу-тәрбие жұмысын жүйелі ұйымдастыруға;

- оқу бағдарламаларының мазмұнын ұтымды игеруге;

- өзіндік психикалық үрдісті басқаруға (зейін, есте сақтау, ойлау т.б.) әрі қарай мектепте оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар педагог мектепке қабылданған баланың ойын әрекетін жалғастыра отырып, оқу- тәрбие барысында біртіндеп оқу әрекетіне көшуін қамтамасыз ететін әдістерді дұрыс қолдана білуі керек. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бала үшін жаңа рөл оқушы, жаңа әрекет оқу болса, осы мәселелерге олардың қызығушылықпен араласып кетуіне қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай білуіне жағдай жасау мұғалім шеберлігін және кіші жастағы оқушының психологиялық ерекшелігін білуін талап етеді.

Бастауыш мектептердегі сабақты ұйымдастыруда негізінен оқу әрекетінің немесе жұмыс түрінің екі кезеңі: мұғалім басшылығымен жұмыс және өздігінен орындалатын жұмыс. Бастауыш мектептерде оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері, оларды қолдану мақсатына қарай үшке бөлуге болады:

- оқушылардың жаңа сабақты түсінуіне жол ашатын және дайындайтын өздік жұмыстар;

- жаңа сабақты пысықтап, бекіту үшін орындалатын өздік жұмыстар;

- оқушылардың білімін байқау, сынау үшін тапсырылатын өздік жұмыстар. Өз бетімен орындауға тапсырылатын жұмыстар балаларды белсенділікке, өз бетімен ізденушілікке бағытталуы тиіс. Педагог оқушылармен сабақты өткізу барысында ойын элементтері мен сергіту сәттерін кеңінен қолдануы қажет. Балабақшадан немесе үйден дайындықсыз келген балаларға кез-келген мәтінді немесе материалды ойын түрінде түсіндіруді қажет етеді. Өйткені алғашқы кезде қарым-қатынастың жетіспеушілігі, сабақтың бірсарындылығы, көңілсіздігі, уақыттың аздығы, оқушылардың қызығушылығын басып, немқұрайлыққа салындырады. Сондықтан мұғалім педагогикалық-психологиялық жұмысты ұтымды ұйымдастырып, өткізу үшін алдымен оқушылардың еркіне, сезіміне, санасына оңтайлы әсер етуде әдіс-тәсілдерді кіріктіріп, түрлендіре отыра, мектепке қабылданған баланың көрнекі-әрекеттік және бейнелі-ойлау түрлерін біртіндеп жетілдіріп, сөздік логикалық ойлау түрлерін дамытуға байланысты жұмыстар жүргізуі қажет [3].

Бастауыш мектептерде педагогикалық-психологиялық үрдісті толыққанды ұйымдастыру және сапалы сабақ өткізу үшін әрбір мұғалім өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, әдіс-тәсілдерді толық меңгеріп, өз тәжірибесінде тиімді қолдана білсе, болашақтан үміт күткен шәкірттеріміздің білімді, тәрбиелі азамат болып қалыптасуына үлкен үлес қосатындарына сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1.Анисимова Т.Б., Плотникова Т.В.Скоро в школу. Ростов н/Д, 2005.

2.Широкова Г.А.,Жадько Е.Г. «Практикум для детского психолога» Ростов-на-Дону «Феникс» 2004.

3.Возрастные особенности психического развития детей. / Под.ред И.В.Дубровиной, М.И.Лисиной. М., 2002.